

С.А. Кенжеғалиев¹, Д.К. Айтжан^{1*}, Қ.Қ. Жанузахова²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

²Орталық Қазақстан академиясы, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: sayan582@mail.ru, dauletk8574@mail.ru, karla85@mail.ru)

Бейвербалды амалдардың коммуникациядағы маңызы

Белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүргеннен кейін қажеттіліктен тіл арқылы байланыс жасау туындайды. Мақалада паралингвистиканың тілден тыс, яғни тілдің айналасында жүзеге асып, қарым-қатынас жасауға және сол арқылы ақпарат алмастыруға көмекші құрал ретінде ықпал ететін амал-тәсілдерді зерттейтіндігі туралы айтылған. Кез келген халықтың тілін алып қарайтын болсақ, ақпарат алмастыру көзі ретіндегі қарым-қатынас жасау тек дыбыстап сөйлесуден ғана емес, одан да басқа түрлі амал-тәсіл арқылы жүзеге асырылатыны осы бағытта зерттеу жүргізген тілші-ғалымдардың пікірлерімен тұжырымдалады. Тек қана бейвербалды амалдармен қарым-қатынас жасау экстралингвистикалық факторлардың ықпалынан ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік-физиологиялық ерекшелігіне де қатыстылығы туралы түсінік берілген. Бейвербалды амалдар адамдар арасындағы коммуникативтік актіні жүзеге асыра отырып, тіл білімі ғылымының әр саласымен тығыз байланысты болатындығы сөз болады.

Кілт сөздер: паралингвистика, бейвербалды амалдар, вербал, коммуникация, символ, ақпараттық код.

Kipicne

Қай халықтың тілін алып қарайтын болсақ та, ақпарат алмастыру көзі ретіндегі қарым-қатынас жасау тек дыбыстап сөйлесуден ғана емес, одан да басқа түрлі амал-тәсіл арқылы жүзеге асырылатынын осы бағытта зерттеу жүргізген тілші-ғалымдардың пікірі жоққа шығармайды. Осыдан барып тіл білімі ғылымында паралингвистика ғылымының қалыптасқаны белгілі. Паралингвистика – тілден тыс, яғни тілдің айналасында жүзеге асып, қарым-қатынас жасауға және сол арқылы ақпарат алмастыруға көмекші құрал ретінде ықпал ететін амал-тәсілдерді зерттейтін ғылым. Бұл — жаңаша терминге берген субъективті анықтамамыз емес, ғылыми еңбектерде ұсынылып жүрген пікір-тұжырымдар жиынтығынан шығатын қорытынды.

Бейвербалды амалдар паралингвистиканың нысаны бола отырып, тілдік қарым-қатынастың көмекші құралы ретінде танылады. Тіпті, тілдің шығуы және қалыптасуы жайындағы еңбектерде қазірде біздің «көмекші құрал» деген атау беріп жүрген бейвербалды амалдардың тілден бұрын пайда болғандығы жайлы да ұтымды пікірлер келтіріліп жүр. Тілдің пайда болуын адам миының еңбек арқылы жетіліп дамуымен, дыбыстау аппаратының біртіндеп қалыптасуымен (еңбек айқайы теориясы) байланыста қарау — тарихи-материалистік көзқарас.

«Коммуникация» сөзі латын тілінен аударғанда «біреумен кеңесу», «байланыс» дегенді білдіреді. Тіл біліміндегі коммуникацияға байланысу мағынасы сай келеді. Яғни сөйлесу, ақпарат беру дегенмен барабар. Бұл терминге терең талдау жасайтын болсақ, оның әлеуметтік-психологиялық мағынасы да бар екеніне көз жеткіземіз. Себебі адам сөйлесу барысында айтылысқа деген өзінің субъективті көзқарасын, эмоциясын қоса білдіріп отырады. Бұл үдеріс ырықты кейде ырықсыз түрде де жүзеге аса береді.

Шындығында, қоғам — коммуникация әлемі. Себебі қоғам адамдардан құралады. Сол қоғамдағы адамдар күнделікті қарым-қатынас барысында бейвербалды амалдардың коммуникативтік құзыретін саналы не бейсаналы түрде пайдаланады.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dauletk8574@mail.ru

Зерттеудің деректері мен әдістері

Коммуникация барысында хабар дыбыстық тіл арқылы ғана емес, бейвербалды амалдар көмегімен де кодтала береді. Анығында, дыбыстық тілдегі әрбір таңба (әріп, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, символ, дыбыс, кідіріс) код есебінде жұмсалады. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық код дегеніміз — айтылыстың сыртқы жамылғысы, яғни таңбалануы. Оның астарында семантика, ақпарат жатады. Дұрыс декодталған хабар дұрыс түсініледі де, қате декодталған хабар қате қабылданады. Кейде хабар мүлде декодталмауы (түсінілмеуі не қабылданбауы) мүмкін. Мұндайда коммуникативтік акт мақсатына жетпейді. Себебі сөйлеудің өзі — бірдеңені білу не білдіру үшін жасалатын әрекет [1; 80]. Ендеше айтылар ойдың тыңдаушыға толық жету-жетпеуі сөйлем құруға қатысатын сөздердің аз, көптігіне емес, сөйлем мүшелерін жасаушы сөздердің дұрыс таңдалып алынуына байланысты.

Осыдан бейвербалды амалдар арқылы кодталған хабардың декодталу мәселесі шығады. Мұндай хабарды дұрыс түсіну үшін тілсіз қатынастың мән-мағынасы мен түрлері, оның контекске қатысты құбылуы (мысалы, адамның бір нәрсеге күйінгенде немесе қатты риза болғанында да екі алақанын бір-біріне сарт ұратыны бар) жөнінде адресаттың білімі адресантпен тепе-тең болуға тиіс. Бұл туралы көз бен бастың қимылдарына байланысты адамдағы психологиялық күйдің сегіз түрін ажыратып, берген Ж. Аймауытұлы: «Бақылайтын адамның жоғарыда көрсетілген барлық қарастарын белгілеп әдеттену керек. Осылай бақылап, жаттығуды тең жарылаған кезде, қозғалыстардың «мәнісін» байланыстыра бастау тиіс. Әр уақытта пәлендей қарас болды, неліктен сондай мәнісі болды? деп, бақылаушы өзіне-өзі есеп беріп отыруы керек», – деген [2; 106]. Сонымен бірге автор психологиядағы сезім дүниесінің толық анықталып болмағанын, адамның оны толық аңғарған сайын талай сырды аша түсетінін айтады. Осыған орай М. Жұмабаев: «Біз екінші адамда болып тұрған жан көрінісін өзімізді өзіміз сынаумен ғана білеміз», – деген пікірді келтіреді [3; 25].

Ғалым Ф. Оразбаеваның қатысымдық тұлғаларға тән қасиет-сипаттарды топтап көрсетеді. Бұл орайда, бейвербалды амалдардан сол қасиет-сипаттар толықтай көрінетіндігін баса айту қажет. Ендеше бейвербалды амалдардың да қатысымдық тұлға талаптарынан шыға отырып, коммуникативтік актіні олқысыз қанағаттандыра алу мүмкіндігіне ие екендігін мойындауға тиіспіз.

Тіпті, әдебиеттану ғылымындағы психологизмде де адамның аналитикалық (диалог, монолог т.б.) және динамикалық (бейвербалды амалдар) қағидаттар негізінде зерттелетіні бар. Осы сынды құнды пікірдің авторы Г. Пірәлиева: «Бейвербалды ишараттар сондайлық ұсақ-түйек секілді көрінгенмен де адам психологиясын ашуда, кейіпкердің жан дүниесіне «қол сұғуда» сұмдық көп көркемдік, психологиялық қызмет атқаратынын мойындамасқа лаж жоқ», – деген [4; 179]. Егер сөйлеудің жеке-дара құбылыс екендігін басшылыққа алғанда, оның табиғатын тануда үлкен рөл атқаратын ақпарат алмастырысудың бұл түрі тіл білімінің де зерттеу нысанына айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, бейвербалды амалдарды да код есебіне жатқызамыз. Дұрысында, олар ақпараттық код болады. Өйткені бейвербалды амалдар арқылы қандай да бір ақпарат беріледі, ондай ақпарат дыбыстық тілмен қоса-қабат немесе сол дыбыстық тілді толығымен алмастыруы мүмкін.

Коммуникация ақпараттық, әлеуметтік, экспрессивтік, прагматикалық, интерпретациялық қызмет атқарады.

Ақпараттық қызмет арқылы адамдар арасында ақпарат алмасу жүзеге асырылса, әлеуметтік қызмет арқылы адамдар өзара қарым-қатынасқа, байланысқа түседі яки бір-бірімен тілдеседі.

Экспрессивті қызмет арқылы коммуникативтік актіге түсуші адамдар ақпарат алмасу барысында бірінің-бірі эмоциясын, субъективті бағасын біле алады. Ал қарым-қатынас кезіндегі эмоцияны білудің маңызды екені — өзінен-өзі түсінікті жайт. Эмоцияны дыбыстап сөйлеумен ғана емес, түрлі қимыл-қозғалыс не дауыс арқылы да жеткізуге болады.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Прагматикалық қызмет арқылы адамдардың амал-әрекеті мен мінез-құлығы шектеліп отырады. Интерпретациялық қызмет коммуниканттардың бірін-бірі түсінуі үшін керек. Коммуниканттар сөйлесу барысында ақпарат жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге оны (ақпаратты) қандай да бір семантикада түсіндіреді, яғни интерпретациялап отырады.

Сонымен, қарым-қатынас кезінде қолданылатын бейвербалды амалдар коммуникацияда мынадай қызмет атқарады:

Біріншіден, дыбыстық тілмен қоса-қабат жұмсалып, қосымша қызмет атқарады. Мәселен, адамдардың эмоциялық күйін, айталық, ашулы не таңырқаулы, мазасыздануы мен қуанышын олардың бет-әлпетіне қарап та ажыратуға болады. Мысалы:

Елемес қайтадан қуанды. Көзі жайнап кетті, бетіне күлкі жүгірді. Қолын жайып, Ильяны құшақтап сүйіп-сүйіп алды. Илья қуанып тұрып бас бармағын көрсетті (С. Ерубасев).

Бұл мысалдағы көздің жайнап кетуі, бетіне күлкі жүгіру, қолын жаю, құшақтау, сүйіп-сүйіп алу, бас бармағын көрсету — бәрі коммуникативтік актіге түсушілердің эмоциясын, яғни қуанышты көңіл-күйін аңғарту мақсатында қолданылған. Тағы бір мысал:

Абай Байдалы сөзіне орай айтпақшы емес. Бірақ жақсы, жаман деп сыр да берген жоқ. Сәлемдерін ұғып болып, Байдалыға қош айтпақ болып еді. Қамшысын ұстап, тымағын киді. Осы кезде Байдалы тағы бір ырғала түсіп «әлі де тыңдап кет» дегендей белгі етті. Абай тымағын қайта қолына алды (М.Әуезов).

Бұл мысалдағы қамшысын қолына ұстап, тымағын кию адамның жолға қамданғанын яғни кеткелі тұрғанын білдірсе, ырғала түсу кинемасы сәл аялдай тұр деген мазмұнда жұмсалған.

Екіншіден, бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде айтылыстағы ойды нақтылай түсу үшін де жұмсалады және сол ойға түрлі реңк қосады. Сөйлеушінің интенциясын (ниетін) дұрыс түсінуге ықпал жасайды. Мысалы:

— Ана бір ақ қалпақты әперіңізші, — деп сұқ саусағымен шеткері тұстағы ақ қалпақтар арасынан үлкендеуін нұсқады (Әлеуметтік желіден).

— Ендігәрі бұл маңайға аяқ аттап басатын болсаң, менен жақсылық күтпе! — деген Мұрат нығарлай сөйлеп, түйілген жұдырығын оның тұмсығына тақады (Әлеуметтік желіден).

Бұл мысалдардағы саусағымен нұсқау, түйілген жұдырығын тұмсығына тақау кинемалары ойды нақтылау үшін жұмсалған. Мәселен, бірінші сөйлемде ақ қалпақ санының көп екенін білеміз. Сондықтан адресант адресатқа өзіне ұнаған қалпақты саусағымен нұсқай нақтылауға мәжбүр болған. Ал екінші мысалда адресант жақсылық күтпенің астарында ұрсу, балағаттау сияқты доқ көрсету емес, күш көрсететінін нақтылайды. Сөйтіп, өзінің ішкі ниеті мен байламына адресаттың көзін жеткізеді. Сонымен бірге бұл сөйлемде күш көрсететіндігінің дәлелі ретінде нығарлай сөйлеу просодикасы да қатыстырылған.

— Мына қатын Жұмабаймен бір күн де отырмайды, мұнда бір сыр болуы керек, — деп атқамінерлер сенімсіздік білдіріп, бастарын шайқады деген сөйлемде адресанттардың сенімсіз күйін нақтылау мақсатында жазушы бас шайқау кинемасын қоса-қабат қолданған.

Үшіншіден, бейвербалды амалдардың астарындағы мағына мен мәнді шеше алмаса, ол өзгелер үшін құпия, жасырын болып келеді [5; 91]. Зерттеуші бейвербалды амалдардың құпия тілдесімге қызмет ететінін дәлелдеу үшін мынадай мысал ұсынады:

Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы ишара: Кіші жүздің биі екі қолын айқастырыпты. Бекболат «құп болады» депті. Би алақанын жұмып-ашыпты. Бекболат «құп болады» депті. Би қолын сермеп-сермеп қояды. Бекболат «құп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. Бекболат «құп болады» деп он саусағын көрсетіпті. Би «құп болады» депті.

Бұл мысалда коммуниканттардың біреуі ғана дыбыстық тілге жүгінеді де, екіншісі әлдеқандай ишараттар жасаумен ғана шектеліп отырады. Алайда коммуниканттар мысалдағы екі қолын айқастыру ишараты арқылы алысуға жараймын, алақанын жұмып-ашу ишараты арқылы татуласайық дегенді, қолын сермеп-сермеп қою арқылы қылыш сенде де бар, менде де бар, қылыш сермеспей-ақ қоялық дегенді, екі қолын түйістіру ишараты арқылы дос болайық дегенді, он саусағын көрсету ишараты арқылы он күннің ішінде тарту-таралғыңмен Абылай ханның алдына бар дегенді айтады әрі ұғынысады. Шындығында да, мұндай ишараттар қазақ халқында құпия тілдесім актісінде кеңінен қолданылып отырған. Айталық, кеттік деген сөзді баспен немесе көзбен ымдау арқылы да білдіруге болады т.с.с.

Қалай десек те, бұл бейвербалды амалдардың қоғамдағы коммуникативтік маңызы жоғары екені күмән тудырмайды. Кей жағдайда әдетте «көмекші құрал» ретінде танылып жүрген қарым-қатынасқа қатысатын тілден тыс амал-тәсілдер, осы мысалдардан аңғарып отырғанымыздай, ешбір сөздің қатысуынсыз-ақ коммуникативтік акт үдесінен шығып жатады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін және бір мысал келтірейік:

Ендігі мезетте есік жақта жер боп жасыған Ибн Кефредеж Богра шыдай алмады, қолын кеудесіне айқастырды. Әмірші басын изеді (Д. Досжанов).

Осындағы қолын кеудесіне апару, бас ию қимылдары сәлем беру, келісу немесе қоштау, мақұлдау сияқты мағынада жұмсалған. Және бір айта кетерлігі — мысалда коммуниканттар вербалды акт жасаспайды.

Ендеше коммуникативтік мақсат барысында жүзеге асатын түрлі қимыл-қозғалыс, ым-ишаралар да белгілі бір маңызды функция атқарады. Олар жағдаят ыңғайына қарай түрліше құбылып отырады және соған сай түрліше сипат алады.

Қабыш сұқ қолын көтеріп:

– Дәл осылай шекиіп тұрады, – деп Мұхтарды да өзімен бірге күлдірді.

Туған халқын адамшылыққа шақырған Абайдың ойын тұңғыш рет мынандай жерде жас жігіттің аузынан естіген Мұхтардың да сай-сүйегі сырқырап еді. Сол ризалығынан болар, ол орнынан тұрып, Қалибекті құшақтай алды (К. Оразалин).

Осы мысалдағы құшақтай алу бейвербалды амалының да коммуникативтік актідегі маңызы сан түрлі. Айталық, құшақтаудың өзі бірнеше түрге бөлінетіні белгілі. Алайда осы бір сан түрлілігіне қарай, адресант ретіндегі жазушы солардың барлығын ой елегінен өткізе отырып, дәл сол сәттегі жағдаятқа сай келетінін нақты таңдап алады. Бірнешеуін санамалап көрсетер болсақ, олардың дені мынадай: бас салып құшақтау (құшақтай алу), самарқау құшақтау, қапсыра құшақтау, сығымдай құшақтау, құшақтаған күйі сәл кідіру немесе жай ғана төс түйістіру т.б. Құшақтай алу таксикасы бұл контексте дыбыстық тілді толығымен ауыстырып тұр. Сондықтан мұндағы бейвербалды амалды құпия не жасырын мазмұнда деп қабылдауға негіз жоқ. Тағы бір маңызды жайт — кез келген бейвербалды амалдың тілдегі сөз арқылы, яғни сол сөздің ішкі мазмұны арқылы қабылданатынын ескерсек, сөздің көпмағыналылығы сияқты, бейвербалды амалдарға да дәл осындай полисемантикалық сипат тән. Бір сөзбен айтқанда, түрлі жағдаятқа қарай олардың да семантикасы құбылып отырады. Бұл туралы жоғарыда егжей-тегжейлі талданғандықтан, әрі қарай тарқата баяндауды қажетсіз деп есептеп, осымен шектелуді жөн көрдік.

Зерттеуші Ж. Нұрсұлтанқызының пікірінше, бейвербалды амалдардың қызметі үшке жіктеледі. Автордың мақаласынан үзінді: «Бейвербалды амалдар мынадай негізгі қызмет атқарады:

1. Қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар вербалды компоненттерді қайталай қолданылады. Мысалы:

— Анау алдында жатқан жылқының бәрі сенікі, – деді Омар үркердей үйіріліп, азайып қалған жылқыны қамшысымен сілтей көрсетіп (О. Бөкеев). (Анау есімдігі+нұсқау немесе меңзеу кинемасы).

2. Бейвербалды амалдар кейбір вербалды компоненттерді жартылай алмастырады. Мәселен, Матвей маған шапшыған қанды көрсетіп:

– Ұртта, балам, Сарқынды атаң секілді жүз жасайсың, – деді. Мен басымды шайқадым, сонсоң өзі сорғалаған қаннан ұрттап-ұрттап алды да, ақсита күліп бізге қарады (О. Бөкеев). Келтірілген мысалдан бас шайқау кинемасының «жоқ» репликасының орнына қолданылғанын көруге болады.

3. Бейвербалды амалдар вербалды амалдарды толығымен ауыстыра алады. Мысалы, Мұса есік жақтағы бадырақ көз жыпылық қара бұжыр жігітке иек қақты. Бұл үйдің әр ым-жымын қас қақтырмай сезу қадетіне қалыптасып кеткен жігіт сыртқа тұра атылды (О.Бөкеев). Бұл жерде коммуниканттардың тек бейвербалды амалдар арқылы ғана қарым-қатынас жасағанын аңғаруға болады.

Бейвербалды амалдардың қолданылу мақсаты төмендегідей жағдайлармен тығыз байланысты:

1. қарсыластар бір-бірінің тілін білмеген жағдайда;
2. айқай-шу, дабыр кезінде;
3. қатты қорыққан жағдайда;
4. адамдар арасында белгілі қашықтық болған жағдайда;
5. коммуниканттардың бірінің тілінің кемістігі немесе құлағының ақаулығы болған жағдайда;
6. бір адам екінші адамның сөзін бөлмеу мақсатында (жиналысқа кешігіп келген адам әріптестеріне қол көтеру, жымия немесе бас изеу арқылы амандасуы);
7. толық тыныштық талап етілген жағдайда;
8. адамның уақытша сөйлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда (мысалы, тамақ ішіп отырғанда) т.б.» [6; 112-113].

Зерттеушілер пікірі жөнінде келтірілген дәйектерде бейвербалды амалдардың коммуникативтік құрал ретіндегі дәрежесі дұрыс аталады.

Зерттеуші М. Ешимов: «Паратілдік амалдар вербалды ақпараттардың мазмұнын толықтырып қана қоймайды, сонымен бірге сөйлеушінің әлеуметтік, жастық ерекшеліктері, мінез қасиеттері туралы хабар береді. Сөйлеудің вербалды жағына байланысты паратілдік амалдар үш түрлі қызмет

атқара алады: 1) Қосымша ақпарат жеткізеді, мысалы, жағымды вербалды мәтін қайшылықты қатынастағы жағымсыз семантикалы қимылдың фонациялық сипатынан көрініс табады; 2) Түсіп қалған вербалды құрамдас бөліктің орнына жұмсалады, мысалы, Бізбен бірге барғың келе ме? сұрағына келіспеушілік қимылы көрсетіледі; 3) Вербалды амалдармен сол мағынаны нақтылай түсу үшін қолданылады, мысалы, Маған ана жасыл доп керек фразасы сілтеу қимылы арқылы іске асады», – деген [7; 7]. Дәл осындай пікір зерттеуші Е. Түйтеде де бар: «Сонымен, тілдік емес амалдар сөйлемде төмендегідей қарым-қатынас қызметін атқарады: а) коммуникативтік қатынаста қосымша ақпарат жеткізушілік; ә) коммуникацияның вербалды компоненті айтылмай түсіріліп қалған жағдайда ақпараттың бейвербалды амалдардың мәтін ішінде қызметке кірісуімен жеткізілуі; б) вербалды амалдармен тең дәрежеде әрі қатар қолданылуы барысында белгілі мағынаны нақтылаушылық қызметі болуы» [8; 373].

Ал бейвербалды амалдардың түсіріліп қалған вербалды бөліктің орнына жұмсалып, соның семантикасын толықтыратыны жөнінде қазақ лингвистикасында ғылыми пікірлер баршылық. Олар (бейвербалды амалдар) осылайша коммуникативтік акт кезінде сөйлемде айтылмай кеткен мазмұнның орнына жүріп, синтаксистік құрылыстағы құрылымдық олқылықтарды толтыруға да қызмет етеді.

Осыдан келіп бейвербалды амалдар арқылы берілетін ақпараттың коммуникациядағы маңызы, яғни өзара түсіністікті толықтырушылық сипаты ашыла түседі. Мысалы, «Үлкендігі мынадай», – Мұрат алақанының қырын кіндіктен жоғары тұсқа тақады деген сөйлемде қолданылып тұрған алақанының қырын кіндіктен жоғары тұсқа тақау мынадай есімдігінің астарын, яғни нақты қандай көлемде екендігін анықтауға қызмет етіп тұр.

— Салыңыз, – деп сұқ саусағымен жасыл шапанды меңзеді (Ж. Босақов) деген сөйлемде сұқ саусағымен меңзеу осы сөйлемдегі айтылыстан қалыс қалған толықтауыш мүшенің семантикасын қанағаттандырады.

Ғалым Қ. Жұбанов бұл жөнінде былай деген: «Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [9; 148]. Ғалым айтылыс мазмұнының ым-ишарамен толықтырылатынына назар аудартады. Мұндай көзқарас зерттеушілер тарапынан да қолдау тауып келеді. Мысалы, бұл туралы: «Ым-ишара — санамен ұғынылатын көнеден келе жатқан әмбебап сигнал. Ол ақпараттың дұрыс қабылдануына көмектеседі», – деген [10; 26] пікір-тұжырымдар молынан кездеседі.

Енді бір жағдайларда бейвербалды амалдар коммуниканттардың психикалық ахуалынан да хабар береді және әдеттегідей семантикалық олқылықтың өтеуіне жүреді. Мысалы, «Тыныш», – деп сұқ саусағымен діріл қаққан еріндерін басқанына қарап, оның әлденеден секем алғанын біле қойдым (Ж. Босақов) деген сөйлемдегі саусағымен ернін көлегейлеу және ерні дірілдеу қимыл-әрекеттері адресанттың қорқу психикалық ахуалынан хабардар етумен қатар ол айтқан сөйлемдегі себеп пысықтаушына деген сұранысты қанағаттандырады, сондай-ақ онысы адресатқа, яғни коммуникативтік актідегі қабылдаушыға (тыңдаушы) толық түсінікті.

Осы сияқты мәжбүрлік салдарынан тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің ешбір сөз қолданбай-ақ та ақпарат алмастыра беретіні және бар. Мысалы:

Сонадайдан иттің үйшігі көрінді, оның ызаланса, иесіне де әл бермей кететін адуын мінезін екеуі де біледі. Сондықтан сақтық ойлай бастап еді, алайда үйшік бос тәрізді. «Демек, Дамоллаға еріп кеткен болды ғой» деген ойдың келуі мұң екен, алып төбеттің ыңыранған даусы естілді. Қараса, үйшіктің тасасында ұйықтап жатыр екен, өзі бос жатыр. «Кеттік» дегенді ыммен көрсеткен Біләл алға қарай аяғының ұшымен емпендей жөнелді, екіншісі – кейінде. Кенет ілгерідегісі қолын көтере қалып еді, қалт тұра қалған кейінгісінің іші бір сұмдықты сезе қойды... (Ж. Босақов).

Осы мысалдан байқалып тұрғандай, адресант пен адресат тек ым-ишара арқылы ғана ақпаратты алмастыра алады. Бұл үшін экстралингвистикалық фактордың ықпалы зор, яғни сол шақтағы ситуация коммуниканттарды мәжбүрлеуі тиіс.

Қорытынды

Бейвербалды амалдармен ғана ақпарат алмастыру әдісі тікелей (бетпе-бет) тілдесім мен жанама (жазу, телефон) тілдесімде молынан ұшырасады:

1. Күнұзын көлеңкеде отырған сұлтан Қатыранға қарай қамшысын нұсқап белгі берді. Зәр шашқан жүзінің бар сесі шолтаң еткен шолақ саптың тез тайқып, қайтадан мықынға бар салмақпен тірелгенін көргенде, Қатыран қожасының қатты ашумен түнергенін бірден аңғарды. Аңғарды да, бұ да көп

соза беруді қолай көрмей, зіл қара тас бұйрығын дүйім жұртты дүр сілкіндіріп бір-ақ сөзбен құлата салды.

– Өрте! (С. Сматаев).

2. «Пау деген-ай!», «Көмекейі бүлкілдеген дейтін нағыз осы-ау!», «Қалай асқақтатты!», «Мына қалпымызда осы отырған біздер бір-бір түменді жалғыз жайрататын қас батырға айналмадық па!», «Бәрекелді, жырау!» деп даурығысып алған жастарды Әділ қолының жалғыз серпінімен тыйып, бейілдене құлақ тосты (С. Сматаев).

3. Емберген болмаған соң шарта жүгініп алды. Онысы «сауалым бар, ыңғай берермісің» дегені тәрізді (С. Сматаев).

4. Қол ұсынып Әділмен қоштасқан жырау есікке беттегенде, Әділ Жоламанға иек қақты. Онысы «шығарып сал, апарып кіргізіп кел» деген белгісі еді (С. Сматаев).

Алғашқы екі мысалдағы қамшы нұсқау, қол серпу — контекстік жағдаятқа байланысты жұмсалған бейвербалды амалдар. Бұларды қолдануда, көріп отырғанымыздай, бірде-бір дыбыстық тіл қатысып тұрған жоқ. Алайда адресат тарапынан барлығына да талапқа сай әрекеттермен жауап берілген. Демек, адресат қарым-қатынас жөніндегі өз білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, бейвербалды амалдардың дыбыстық тілдегі баламасын мүлтіксіз қабылдап тұр.

Г. Әлімбек келтірген М. Жұмабаевтың «жанның жайын жарыққа шығару үшін адамның екі құралы бар — біреуі ым — мимика, біреуі — сөз» деген пікірінің осы құбылысқа тікелей қатысы бар [11; 30].

Ал үшінші және төртінші мысалдардағы қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалған бейвербалды амалдарға автор тарапынан қосымша түсінік берілген. Алайда қарым-қатынасқа тікелей қатысып тұрған тұлғалар мұндай қосымша түсінік беруді өз араларында қажет етіп тұрған жоқ. Демек, бұл қимыл-әрекеттер мазмұнының дұрыс ұғынылуы сюжеттік желідегі контекстік жағдаятқа тәуелді.

Сондай-ақ тек қана бейвербалды амалдармен қарым-қатынас жасау экстралингвистикалық факторлардың ықпалынан ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік-физиологиялық ерекшелігіне де қатысты бола береді. Айталық, мылқаулардың тілі, олар өзара ақпарат алмастырысу кезінде бірыңғай ым тілімен қарым-қатынас жасайтындығы — баршаға мәлім жайт.

Ендеше бұл — бейвербалды амалдардың әлеуметтік лингвистика саласында да айтарлықтай маңызға ие екендігін танытса керек. Басқаша айтқанда, тіл білімі ғылымындағы бейвербалды амалдардың маңызы мен атқаратын функциялары әлі де болса жан-жақты зерттей түсетін келелі мәселе екендігі келіп шығады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары / Н. Сауранбаев. — Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1982. — 351 б.
- 2 Аймауытұлы Ж. Психология / Ж. Аймауытұлы. — Алматы: Рауан, 1995. — 312 б.
- 3 Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбия қылу жолдары) / М. Жұмабаев. — Алматы: Рауан, 1992. — 112 б.
- 4 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) Монография / М. Пірәлиева. — Алматы: Алаш, 2003. — 328 б.
- 5 Мұратова А.Н. Дыбыстық тілдің көмекші құралдары / А.Н. Мұратова // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2010. — №2. — Б. 89-96.
- 6 Нұрсұлтанқызы Ж. Бейвербалды амалдар — қарым-қатынастың маңызды элементі / Ж. Нұрсұлтанқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 2004. — №1. — Б. 111-116.
- 7 Ешимов М.П. Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. / М.П. Ешимов. — Алматы, 2004. — 29 б.
- 8 Мажитаева Ш. Психикалық жай-күйлерді берудегі тілдік емес белгілердің қызметі / Ш. Мажитаева, Е. Түйте // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. — Т.1. — Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2008. — Б. 373-380.
- 9 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. — Алматы: Ғылым, 1999. — 581 б.
- 10 Нарожная В.Д. Эмоциональные жесты в этнокультурном аспекте / В.Д. Нарожная // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Филология. — 2005. — №2. — С. 26-29.
- 11 Әлімбек Г. Сөз мағынасы және ақпарат. Оқу құр. / Г. Әлімбек. — Алматы: «Атлас баспасы—2001», 2006. — 168 б.

С.А. Кенжеғалиев, Д.К. Айтжан, К.К. Жанузахова

Значение невербальных приемов/средств в коммуникации

Язык тесно связан с обществом с самого своего возникновения. Поэтому в определенной общественной среде возникает необходимость общения через язык. В статье рассмотрены паралингвистические приемы, которые реализуются вне языка, то есть способствуют общению и тем самым являются вспомогательным средством по обмену информацией. Тот факт, что общение как источник обмена информацией, даже если речь идет о языке любого народа, осуществляется не только посредством звукопроизношения, но и другими различными способами, формулируется в работах ученых-лингвистов, проводивших исследования в этом направлении. Обосновано понятие о том, что общение с помощью невербальных приемов обусловлено не только влиянием экстралингвистических факторов, но и социально-физиологическими особенностями людей. Невербальные средства общения полноценно осуществляют коммуникативный акт между людьми и тесно связаны со всеми направлениями лингвистической науки.

Ключевые слова: паралингвистика, невербальные приемы, вербалика, коммуникация, символ, информационный код.

S.A. Kenzhegaliev, D.K. Aitzhan, K.K. Zhanuzakhova

The value of non-verbal techniques / means in communication

Language has been closely linked to society since its inception. Therefore, in a certain social environment, there is a need to communicate through language. The article deals with paralinguistic techniques that are implemented outside the language, that is, they contribute to communication and thus are an auxiliary tool for the exchange of information. The fact that communication as a source of information exchange, even if we are talking about the language of any people, is carried out not only through sound pronunciation, but also in various other ways, is formulated in the works of linguists who have conducted research in this direction. The concept is substantiated that communication with the help of non-verbal techniques is due not only to the influence of extralinguistic factors, but also to the socio-physiological characteristics of people. Non-verbal means of communication fully implement the communicative act between people and are closely related to all areas of linguistic science.

Key words: paralinguistics, non-verbal techniques, verbal, communication, symbol, information code.

References

- 1 Sauranbayev, N. (1982). *Qazaq til biliminin problemalary [Problems of Kazakh language education]*. Almaty: Qazaq SSR-ining "Gylym" baspasy [in Kazakh].
- 2 Aimaulyty, Zh. (1995). *Psixologiya [Psychology]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 3 Zhumabayev, M. (1992). *Pedagogika (balany tarbiya qylyu zholdary) [Pedagogy (ways to educate a child)]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 4 Piralieva, G. (2003). Korkem prozadagy psikhologizmnin keibir maseleleri (Tus koru, beiverbaldy isharattar, zattyq alem) [Some problems of psychology in artistic prose (Dreaming, non-verbal signals, material world)]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 5 Muratova, A.N. (2010). Dybystyq tildin komekshi quraldary [Audio language aids]. *Pavlodar menlekettik universitetinin Khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of the Pavlodar State University. Philology series*, 2, 89-96 [in Kazakh].
- 6 Nursultanqyzy, Zh. (2004). Beiverbaldy amaldar — qarym-qatynastyn manyzdy elementi [Nonverbal actions are an important element of communication]. *Qazaq tili men adebiyeti — Kazakh language and literature*, 1, 111-116 [in Kazakh].
- 7 Eshimov, M.P. (2004). Ym semantikasi: universalzdy zhane ulttyq tabigaty [Sign semantics: universal and national nature]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Mazhitaeva, Sh.M., & Tuite, E. (2008). Psikhikalyq zhai-kuilerdi berudegi tildik emes belgilerdin qyzmeti [Function of non-linguistic signs in transmission of mental states]. *Zhana gasyrdagy Qazaqstannyn tildik kenistigi zhane alemdik lingvistikanyn ozekti maseleleri: Khalyqaralyq gylymi-teorialyq konferentsia materialdary — Language space of Kazakhstan in the new century and current problems of world linguistics: materials of the International Scientific and theoretical conference*. (pp. 373-380). Almaty: QazMemQyzPI [in Kazakh].
- 9 Zubanov, Q. (1999). *Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].

10 Narozhnaiia, V.D. (2005). Emotsionalnye zhesty v etnokulturnom aspekte [Emotional gestures in the ethnocultural aspect]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seria Filologiya — Bulletin of the Karaganda University, Philology series*, 2, 26–29 [in Russian].

11 Alimbek, G. (2006). *Soz magynasy zhane aqparat. Oqu quraly [Word meaning and information. Educational tool]*. Almaty: "Atlas baspasy–2001" [in Kazakh].